

Better Cotton P&C V3.0 – Қоғамдық пікір мен кеңес мәтінінің жобасы

Мазмұны

Better Cotton P&C V3.0 – Қоғамдық пікір мен кеңес мәтінінің жобасы 1

Бұл құжат жобаны және P&C-ні қайта қарау туралы [Error! Bookmark not defined.](#)

Қағида 1: Басқару 1

ӨЛШЕМШАРТ 1.1 – Өндіруші, өз қызметін саналы, тиімді және жан-жақты қамтылған түрде жүргізеді және басқарады.	6
ӨЛШЕМШАРТ 1.2 – Өндіруші, дұрыс шешім қабылдау процесі үшін, деректерді басқарудың тиімді және сәйкес жүйесін пайдаланады.	6
ӨЛШЕМШАРТ 1.3 - Өндіруші, жергілікті маңызы жоғары аймақтарда Үздіксіз жетілдіру жүйесіне басымдық көрсетеді.	7
ӨЛШЕМШАРТ 1.4 – Өндіруші, өзінің барлық қызметкерлері, шаруалары мен жұмысшылары үшін тиімді, жергілікті шарттарға қатысы бар және қажеттіліктерге негізделген әлеуетті арттыру тәсілін жүзеге асырады.	7
ӨЛШЕМШАРТ 1.5 – Өндіруші, әйелдердің көбірек қатысуын және танылуын қолдайды.	8
ӨЛШЕМШАРТ 1.6 - Өндіруші, жергілікті жағдайларға байланысты тұрақтылық мәселелерін қолға алу мақсатында бірлескен қадамдар жасайды.	8
ӨЛШЕМШАРТ 1.7 - Өндіруші, шұғыл әрекет етуге байланысты қажеттілікті ескереді және ауа райының өзгеруін жеңілдету және бейімделу шараларын жүзеге асырады.	8

Қағида 2: Табиғи ресурстар 9

ӨЛШЕМШАРТ 2.1 - Шаруалар табиғи ресурстардың құндылығын және оны қалай қорғау керектігін біледі.	9
ӨЛШЕМШАРТ 2.2 - Топырақтың саулығы, сол топырақтың физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерін сақтайтын және күшейтетін егіншілік тәжірибе арқылы жақсартады.	9
ӨЛШЕМШАРТ 2.3 - Судың сапасы мен қолжетімділігі, дақылдарды қорғауды жақсартатын және қалдықтарды, эрозияны және тұздылықты азайтатын тәжірибелер арқылы ең жақсы жағдайға әкелініп жатыр.	10
ӨЛШЕМШАРТ 2.4 - Шаруашылықтағы және оның айналасындағы биоәртүрлілік пен табиғи тіршілік орындары қорғалған және жақсартылған.	10
ӨЛШЕМШАРТ 2.5 - Табиғи экожүйелер мен HCV қорғалуда, сақталуда және нығайтылуда.	10

Қағида 3: Егінді қорғау

12

- ӨЛШЕМШАРТ 3.1 - Өндіруші, зиянкестермен біріктірілген күресудің, басқарудың жетекшілігімен жүргізудің және қолданудың ажырамас бөлігі болуын қамтамасыз етеді. 12
- ӨЛШЕМШАРТ 3.2 - Пайдаланылған пестицидтер тиісті түрде тіркеледі және таңбаланады. 13
- ӨЛШЕМШАРТ 3.3 - Өндіруші, өте қауіпті пестицидтерді қолдануды барынша азайтуды міндеттенеді. 13
- ӨЛШЕМШАРТ 3.4 - Аса қауіпті пестицидтердің қоршаған ортаға қауіп-қатерлері бағалануда және азайтылуда. 14
- ӨЛШЕМШАРТ 3.5 - Пестицидтер қауіпсіз жолдармен қолданылады және сақталады. 14

Қағида 4: Тыңайтқыштардың сапасы

16

- ӨЛШЕМШАРТ 4.1 - Егіншілік тәжірибелері (егістікке дейін, одан кейін және егістік кезінде) тыңайтқыш сапасының сақталуын және күшейтілуін қамтамасыз етеді. 16

Қағида 5: Лайықты жұмыспен қамтамасыз ету

17

- ӨЛШЕМШАРТ 5.1 - Өндірушіде, жұмысшылардың құқықтарын бұзу қаупі мен оқиғаларын анықтау және жоюдың тиімді жүйесі бар. 17
- ӨЛШЕМШАРТ 5.2 - Шаруалар мен жұмысшылар өз еңбектеріне қатысты құқықтарын біледі. 17
- ӨЛШЕМШАРТ 5.3 - Балалар мен жас жұмысшылардың құқықтары қорғалады. 17
- ӨЛШЕМШАРТ 5.4 - Қарызға байланысты, міндетті немесе мәжбүрлі еңбек, оның ішінде шартты еңбек немесе адам саудасы аясындағы жұмысқа орналастыру қолданылмайды. 18
- ӨЛШЕМШАРТ 5.5 - Жұмысшылар ұйымдасқан және ұжымдық келіссөздер жүргізуге құқылы. 19
- ӨЛШЕМШАРТ 5.6 - Жұмысшыларды жұмысқа қабылдауда немесе жұмысшыларға қарауда ешқандай бөлектеу жоқ. 19
- ӨЛШЕМШАРТ 5.7 - Жұмысшыларға ең төменгі жалақыдан кем емес жалақы төленеді. 19
- ӨЛШЕМШАРТ 5.8 - Жұмысшылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі қорғалады. 19
- ӨЛШЕМШАРТ 5.9 - Жұмысшылар өз мәселелерін қорқусыз айта алады және еңбек тәртібін бұзу құрбандары қажетті қорғау құралдарына қол жеткізе алады. 20
- ӨЛШЕМШАРТ 5.10 – Жұмысшылардың нақты келісім-шарттар жасалатынына үміттері бар. 20

Қағида 6: Тіршілік көздері

22

- ӨЛШЕМШАРТ 6.1 - Шаруалардың негізгі күнкөріс мәселелері мен оларды шешу мүмкіндіктері анықталып, жүзеге асырылуда. 22
- ӨЛШЕМШАРТ 6.2 - Ұйымдастыру және бірлескен іс-әрекет арқылы әлеуметтік және экономикалық пайданы көбейту. 22

Бұл құжат жобаны және Р&С-ні қайта қарау туралы

Бұл құжат 2022 жылдың тамыз және қыркүйек айларында қоғамдық пікір мен кеңесу үшін шығарылған қайта қаралған Р&С мәтінінің жобасы. Ол Р&С қайта қарау процесінің бір бөлігі ретінде және тиісті мүдделі тараптармен бірқатар бастапқы талқылаулар негізінде әзірленді. Қоғамдық талқылаулар негізінде жобаға қосымша өзгерістер енгізіледі. Р&С 3.0 нұсқасы 2023 жылдың бірінші жартысында қолданысқа енгізіледі және өтпелі жылдан кейін 2024-25 жылдың маусымынан бастап толықтай жұмыс істей бастайды деп күтілуде. Қайта қараудың негіздемесі, процесі және басқаруы туралы қосымша ақпаратты <https://bettercotton.org/better-cotton-principles-and-criteria-revision/> сілтемесінен қараңыз.

Ұсынылған қайта қаралған Р&С туралы жалпы түсініктемелер

Р&С, Better Cotton 2030 стратегиясымен қалай байланысады

2030 Стратегиясы, мақтаны қоршаған орта үшін, оны өндіретін шаруалар үшін және осы саланың болашағына қатысы бар барлық басқа адамдар үшін жақсарту жөніндегі он жылдық жоспарымыздың бағытын белгілейді. Р&С, барлық Өндірушілер «Better Cotton» сатушысы болу жолында лицензия алу үшін орындауға тиіс жаһандық талаптарды белгілейді. Қайта қаралған Р&С, лицензиялау талаптарының шаруалардың күш-жігерін, егістік деңгейіндегі тұрақтылықты жақсартуды қамтамасыз ететін аймақтарға бағыттауын қамтамасыз етеді. Сондықтан, қайта қаралған Р&С, Better Cotton-ның 2030 жылға дейінгі өршіл стратегиясына және соған байланысты мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудегі негізгі қозғаушы күш болып табылады.

Әлеуметтік қамтуға тәуелділік

Бүкіл Р&С барысында және шаруалар немесе жұмысшылар туралы айтылған кезде, ол, гендерлік сәйкестігіне, гендерлік ерекшеліктеріне, жыныстық бағдарына, жасына, ұлтына, этникасына, тіліне, нәсіліне, табына, кастасына, әлеуметтік шығу тегіне, дініне, наным-сеніміне, денсаулығына, саяси тиістілігіне, саяси көзқарасына, отбасылық жағдайына немесе кез келген басқа мәртебеге қарамастан барлық текті адамдарды қамтиды. Better Cotton, Өндірушілердің барлық осал топтардың қатысуы мен қамтылуын ерекше есепке алады деп күтеді.

Қайта қаралған Р&С-дегі жыныс

Better Cotton, 2030 стратегиясына қол жеткізу кезінде гендерлік теңдік пен әйелдердің тек өндіруші рөлдеріне ғана емес, көшбасшылық рөлдерге де қатысуының және олардың шешім қабылдау процестеріне толық қатысуының маңыздылығын мойындайды. Better Cotton Standard жүйесінің басқа тіректерімен қоян-қолтық жұмыс жасай отырған Р&С, барлық қағидаларға гендерлік факторды көбірек енгізуге ұмтылу арқылы гендерлік саясатқа қатысты 2030 мақсатына өз үлесін қосады. Басқару принципіне қосылған жеке бір өлшемшарт, әлеуметтік гендерліктің қатысуы мен қамтуының, Өндіруші жүзеге асыратын барлық іс-шаралардың бір бөлігі ретінде қаралуын қамтамасыз етуді мақсат етеді. Сондай-ақ гендерлік мәселелерді анықтауды, бақылауды және оларды шешу үшін жергілікті деңгейде тиісті шараларды қабылдауды қажет етеді. Р&С, деректерді жинау талаптарының бір бөлігі ретінде, бөлшектелген деректерді жинауды және барлық отбасы мүшелерін Better Cotton қатысушылары ретінде тіркеуді талап ететін болады.

Қайта қаралған Р&С құжатындағы ауа райының өзгеруі

Better Cotton егіншіліктегі ауа райының өзгеруі туралы мәселелерді шешудің өзектілігін мойындайды. Қайта қаралған Р&С, Басқару қағидасына ауа райына қатысты арнайы бір өлшемшарт қосу арқылы, барлық шаруалардың барлық қызметтерінде, ауа райының өзгеруінің әсерін түсінуін, қарастыруын және қолға алуын мақсат етеді. Ауа райының өзгеруіне бейімделу және жағымсыз әсерлерін азайту шаралары барлық қағидаларда ескеріледі және тиісті көрсеткіштер қосымшада жеке кестеде берілетін болады.

Р&С-нің негізіндегі үздіксіз жетілдіру жүйесі

Үздіксіз жақсарту - Better Cotton-ның негізгі алғышарттарының бірі болып табылады. «Негізгі» және «жақсарту» көрсеткіштерімен жұмыс істеудің алдыңғы тәсілімен байланыстағы қиындықтарды ескере отырып, қайта қаралған P&C үздіксіз жетілдіруді күшейту мақсатымен, тәсілдемені төмендегідей бейімдеуді ұсынады:

- Біріншіден, жақсарту жолдары негізгі көрсеткіштерге енгізілген. Қайта қаралған P&C-де ұсынылған барлық көрсеткіштер қазір «маңызды» болып саналады және осылайша лицензиялауға қатысты болса да, көптеген көрсеткіштер бұдан бұлай «уақыт өте келе жақсарту үшін қадамдар жасалуда...» сияқты мәлімдемелерді қамтитын болады. Бұл, іске асыру мәселелерінің шешілуін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар әр түрлі Өндірушілердің әртүрлі бастапқы нүктелерден негізгі мақсатқа қарай үздіксіз жұмыс істеуді талап етеді, сондай-ақ әр түрлі Өндірушілердің әртүрлі бастапқы нүктелерден бастау алатындықтарын қабылдайды.
- Екіншіден, Өндірушілер, Басқару қағидасының бір бөлігі ретінде, өздері үшін өзекті және шұғыл болып табылатын тұрақты жетілдіруге бағытталған тұрақтылық басымдықтарын анықтауы және осы мақсаттарға жету үшін қадамдар жасалынады деп күтілуде. Үздіксіз жетілдіруге қатысты басым бағыттарды анықтау және оларға жету үшін келесі қадамдарды нақты жүзеге асыру, P&C-ге сәйкестігі мен байланысты болу жағдайы тұрғысынан бағаланады. Тиісті үздіксіз жақсарту басымдықтарын анықтау әдісі бойынша нұсқаулық беріледі.

Қолдану аясы және қолдану мүмкіндігі

P&C, Better Cotton лицензиясын алу үшін шаруашылық деңгейінде орындалуы керек талаптарды белгілейді.

Бұл талаптар, жаһандық деңгейде қолдану үшін жасалғанымен қатар, мақта өсіретін әртүрлі аймақтар арасындағы елеулі айырмашылықтарды қолға алуға арналған жергілікті тәжірибелік нұсқаулыққа қоса беріледі. Better Cotton сонымен қатар, шаруашылықтар пайдаланатын өндіріс әдістері мен жұмыс үрдістеріндегі айырмашылықтарды тану үшін, шаруашылықтың үш өлшем категориясын ажыратуды жалғастыруда (төменде қараңыз).

Лицензиялау көлемі, шаруашылықтағы немесе Өндірушінің бөлімшесі ішіндегі мақта өндіру аймақтарына қатысты. Соған қарамастан, көптеген талаптар (немесе тиісті нұсқаулар) шаруашылық тәжірибесіне кеңірек қолданылады және Өндірушілердің оларды басқа жарамды өнімдерде ескеруге ынталандырады. Қажет болған жағдайда, іске асыру жөніндегі нұсқаулық және растау құжаттары көрсеткіш деңгейінде нақтыланатын болады.

Better Cotton P&C талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін жалпы жауапкершілік лицензиятқа / лицензияттарға жүктеледі және бұл ұйымдар "Өндірушілер" деп аталады. Бірнеше шағын немесе орта шаруа қожалықтарын бір лицензиялау бөлімшесіне біріктіретін Өндіруші бөлімшелер үшін, жеке көрсеткіштерін орындауға қатысты жауапкершілігі P&C бойынша өзгереді. Кейбір жағдайларда жауапкершілік Өндіруші бөлімшенің Басқару бөлімінің жұмысшыларына болса, кейбір жағдайларда жеке шаруашылықтарға жүктеледі. Кестенің екінші жолындағы «жауапкершілік деңгейі» көрсеткіші осы жағдайды нақтылауға бағытталған.

Құжатты қалай оқу керектігі туралы

Қағидалар, Өлшемшарттар және Көрсеткіштер

Қайта қаралған Better Cotton шаруашылық деңгейінің стандарты, қағидалар, өлшемшарттар және көрсеткіштермен жұмыс істеуді жалғастыруда. Қағидалар бұл – қамтылған тұрақтылық аймақтары болып табылады, өлшемшарттар – бұл қағиданың ішіндегі қосалқы шарттар болып табылады, ал көрсеткіштер – әрбір өлшемшарт ішінде кездесуі міндетті шаруашылық деңгейіндегі нақты талаптар болып табылады.

Шаруашылық категориясы

Әрбір көрсеткіштің жоғарғы оң жақ бұрышында тиісті көрсеткіш қай шаруашылық санатына/түріне қатысты екені анық көрсетілген.

- Шағын шаруа қожалықтары (ШШҚ): Құрылымдық жағынан тұрақты жалдамалы жұмыс күшіне тәуелді емес және шаруашылық көлемі 20 гектарлық өңделген мақта егістігінен аспайтын шаруашылықтар.
- Орташа шаруа қожалықтары (ОШҚ): Құрылымдық жағынан тұрақты жалдамалы жұмыс күшіне тәуелді және шаруашылық көлемі 20-дан 200 гектарға дейін өңделген мақта егістігінен тұратын шаруашылықтар.
- Ірі шаруа қожалықтары (ІШҚ): Шаруа қожалығының көлемі 200 гектардан астам өңделген мақта егістігін құрайтын және машина өндірісімен айналысатын немесе құрылымдық жағынан тұрақты жалдамалы жұмыс күшіне тәуелді шаруашылықтар.

Өндірушінің сипаттамасы

Өндіруші лицензиялау бірлігін анықтайды және шағын немесе орта шаруашылықтар үшін Өндіруші бөлімше (ӨБ) немесе ірі шаруа қожалықтары болған жағдайында жеке шаруашылық болуы мүмкін. Р&С-де «шаруа» деп аталса, бұл нақты жеке шаруашылықты білдіреді.

Жауапкершілік деңгейі

Екінші жолдағы бұл көрсеткіш, әсіресе Өндіруші бөлімшелер үшін болып, жеке шаруашылықтардың немесе Өндіруші Басқармасының тиісті көрсеткіштің орындалуына жауапты болып болмағанын анықтайды.

Мақсат және түсіндірме жазбалар

Екінші жолдағы мақсат, көрсеткіштің негіздемесі мен жалпы мақсатын түсіндіреді. Түсіндірме жазбалар, көрсеткішті жақсырақ түсіну және бағалау үшін қажетті қолданбалар, қосымша анықтамалар немесе ұқсас түсініктемелер туралы қосымша ақпаратты береді. Мақсат та, түсіндірме жазбалары да қоғамдық пікірмен кеңескеннен кейін қалыптасады.

Қолданыстағы Р&С 2.1 нұсқасына өзгертулер

Екінші жолда, сонымен қатар қазіргі уақытта әрекет ететін Р&С 2.1 нұсқасының өзгеріс деңгейінің көрсеткіші бар. Бұл ақпарат тек кеңес беру мақсатында ғана қамтылған және Р&С 3.0 нұсқасының соңғы нұсқасына қосылмайды.

- **Өзгеріс жоқ:** Көрсеткіштің мағынасы бірдей немесе сәл ғана өзгертілген өрнектермен бірдей;
- **Кішкентай өзгеріс:** Мағынадағы шамалы өзгерістер немесе бұны іске асыруға шамалы әсер етеді, мысалы, бірнеше қолда бар көрсеткіштердің бір көрсеткішке біріктіру; қолданба үшін белгіленген мерзімдер және т.б. сияқты.
- **Үлкен өзгеріс:** Бірдей тақырыптық аймақтар, бірақ фокустың айтарлықтай өзгеруі немесе іске асыруға елеулі әсер етуі (мысалы, жаңа элементтерді жою немесе қосу)
- **Жаңа маңызды жақсарту:** Жақсарту көрсеткіші (бейімделген) және өз жағдайына келтірілген
- **Жаңа:** Жаңа тақырып аймағына немесе көрсеткішке орын берілген.

Орындау және кепілдік материалдары бойынша нұсқаулық

Жүзеге асыруға арналған жаһандық және күшті жергілікті нұсқаулық қайта қаралған Р&С-мен бірге болады, ол қосымша ақпаратты, жақсы тәжірибелерді және қажет болған жағдайда сәйкестік бойынша нұсқаулықты қамтиды. Кепілдік материалдары мен нұсқаулар да сәйкесінше бейімделеді.

Қағида 1: Басқару

ӨЛШЕМШАРТ 1.1 - Өндіруші өз қызметін саналы, тиімді және жан-жақты қамтылған түрде жүргізеді және басқарады.

1.1.1

[ШШҚ- ОШҚ] Өндіруші бөлімше үшін нақты және жергілікті маңызы бар іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады:

- (i) Барлық жоспарланған іс-шараларды, мерзімдерді және жауапкершіліктерді қамтиды;
- (ii) Маусым бойына жүйелі түрде жаңартылады;
- (iii) Іс-әрекеттерді бақылау қызметінің нәтижелерін ескере отырып, жылына кемінде бір рет қайта қаралады.

1.1.2

[ШШҚ- ОШҚ] Прогрессті өлшеу және Өндіруші бөлімшелерінің қызметінің тиімділігін түсіну үшін бақылау жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады. Бақылау жоспарының ерекшеліктері төменде келтірілген:

- (i) Қосылудың бірінші жылындағы (негізделген жылы) базалық бағалауды және әрбір лицензиялау циклінің алдындағы осы базалық деңгейге қатысты қайта бағалауды қамтиды;
- (ii) Сәйкессіздік тәуекелдерін анықтайды, кепілдік береді, шаруашылық деңгейіндегі деректерді талдайды, алынған ақпаратты құжатталады және 1.1.1. іс-шаралар жоспарына енгізіледі.

1.1.3

[ШШҚ - ОШҚ] Жылына кемінде бір рет ерлер мен әйел шаруалар және жұмысшылардан тұратын өкілдердің қатысуымен және қамтушы мысалдармен жүргізілетін басымдықтары мен қажеттіліктерін белгілейтін кеңес өтеді. Осы кеңес нәтижесінде пайда болған қорытындылар, іс-әрекеттер мен мониторинг жоспарлары, сондай-ақ үздіксіз алға жылжу мақсаттары үшін басымдықтарды белгілеу құжатталады және ескеріледі.

1.1.4

[ШШҚ] Егістік шаруашылығы іс-шараларын жоспарлау мен жүзеге асыру үшін тиімді Басқару жүйесі бар. Бұл жүйе, өлшемшарт 1.3-тегідей Better Cotton талаптарына және үздіксіз жақсарту мақсаттарына сәйкес прогресті бақылауға мүмкіндік береді.

1.1.5

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Өндіруші барлық қолданыстағы заңдар мен ережелерді сақтайды.

ӨЛШЕМШАРТ 1.2 - Өндіруші дұрыс шешім қабылдау процесі үшін, деректерді басқарудың тиімді және сәйкес жүйесін пайдаланады.

1.2.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Өндіруші деңгейіндегі дәл және толық деректер «Better Cotton шаруашылығы деректеріне қойылатын талаптар» құжатында көрсетілгендей жиналады, тексеріледі және баяндалады.

1.2.2

[ШШҚ - ОШҚ] Шаруалар нақты жазбаларды, соның ішінде кірістерді, шығыстарды және негізгі тәжірибелерді «Better Cotton шаруашылығы деректеріне қойылатын талаптар» құжатына сәйкес жүргізеді.

ӨЛШЕМШАРТ 1.3 - Өндіруші, жергілікті маңызы жоғары аймақтарда Үздіксіз жетілдіру жүйесіне басымдық көрсетеді.

1.3.1

[ШШҚ - ОШҚ (Екінші лицензиялау циклінен бастап Өндіруші бөлімше үшін жарамды)] Үздіксіз жетілдірудің нақты бағыттары және сәйкес 3 жылдық мақсаттары мен араласулары анықталады. Үздіксіз жақсарту айрықшалықтары «Үздіксіз жақсартуға арналған Better Cotton нұсқаулығына» негізделген және келесі элементтерді қамтиды:

- (i) Жергілікті маңызы бар басым салаларды қарастыру;
- (ii) Мониторинг пен деректерді басқарудан пайда болатын басымдықтар (өлшемшарт 1.1. және 1.2.);
- (iii) Егін шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың басымдықтары мен қажеттіліктері.

1.3.2

[ШШҚ - ОШҚ (Екінші лицензиялау циклінен бастап Өндіруші бөлімше үшін жарамды)] Анықталған үздіксіз жетілдіру салалары және олармен байланысты мақсаттар мен араласулар 1.1.1 және 1.1.2-тармақтарындағы әрекеттер мен мониторинг жоспарларымен толығымен біріктірілген.

1.3.3

[ШҚ] Үздіксіз жақсарту үшін назар аудару қажет нақты және жергілікті маңызды тұрақтылық мақсаттары анықталды. Осы мақсаттарға қол жеткізу бойынша іс-шаралар 1.1.4-көрсеткіші бойынша жалпы Басқару жүйесінің бөлігі ретінде жүзеге асырылады және барысы бақыланады.

ӨЛШЕМШАРТ 1.4 - Өндіруші, өзінің барлық қызметкерлері, шаруалары мен жұмысшылары үшін тиімді, жергілікті шарттарға қатысы бар және қажеттіліктерге негізделген әлеуетті арттыру тәсілін жүзеге асырады.

1.4.1

[ШШҚ– ОШҚ - ІШҚ (тек қана 15-тен астам жұмысшысы бар ІШҚ үшін)] Әйелдер мен ер шаруалар мен жұмысшылардың әлеуетін нығайту үшін төмендегілерді қамтамасыз еткен тиімді бағдарлама іске асырылады:

- (i) Жергілікті тәжірибелер мен инновацияларға назар аудару;
- (ii) Әйелдер мен ер шаруалар және жұмысшылардан, алдыңғы оқудан алынған білімдерді кері байланыс арқылы кеңес алады және ақпараттанады;
- (iii) Тиімді және жергілікті бейімделген құралдар мен әдістерді пайдаланады.

1.4.2

[ШШҚ– ОШҚ - ІШҚ (тек қана 15-тен астам жұмысшысы бар ІШҚ үшін)]. Әлеуетті дамыту жөніндегі, пайдасын тигізуі мүмкін барлық іс-шаралар, шаруалар мен жұмысшылар үшін бірдей қолжетімді болу үшін жасалған.

1.4.3

[ШШҚ – ОШҚ - ІШҚ (тек қана 15-тен астам жұмысшысы бар ІШҚ үшін)] Оқу немесе басқа әлеуетті дамыту іс-шаралары арқылы, шаруалар мен жұмысшылар алға қойылған негізгі мәселелер мен тәжірибелердің маңыздылығы мен артықшылықтарын түсінеді.

1.4.4

[ШШҚ - ОШҚ] Өндіруші персоналы/білім берушілер, тиімді және сәйкес әлеуетті дамыту іс-шараларын жүзеге асыру үшін, қажетті техникалық білім мен функционалдық дағдыларға ие.

Өнімділікті бағалау және оны одан әрі дамытуды қолдайтын бір жүйе бар.

1.4.5

[ІШҚ] Өндіруші басшылығы/шаруалар жергілікті тұрақтылық мәселелерін түсінеді және осы мәселелерді жақсырақ шешу үшін кеңес пен ақпарат іздейді.

ӨЛШЕМШАРТ 1.5 - Өндіруші әйелдердің көбірек қатысуын және танылуын қолдайды.

1.5.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ (тек қана 10-нан астам әйел жұмысшылары барлар үшін)] Жеке тұлға немесе жеке тұлғалар тобы («гендерлік көшбасшылық» деп те аталады), әйелдердің көбірек қатысуына және мойындалуына ықпал ету үшін тағайындалады. Оның негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- (i) Жергілікті гендерлік теңдік мәселелері мен мүмкіндіктерді анықтау үшін шаруа әйелдермен, жұмысшылармен және қоғаммен осы мәселені ақылдасу;
- (ii) Гендерлік теңдікке қатысты кейбір мәселелер бойынша басшылықтың, шаруалардың және жұмысшылардың жергілікті деңгейде хабардарлығын арттыру;
- (iii) Жақсарту шаралары бойынша ұсыныстарды әзірлеу;
- (iv) Гендерлік теңдік әрекеттерін жақсарту әрекеттері мен мониторинг жоспарларын біріктіру үшін Өндіруші басшылығымен жұмыс істеу.

1.5.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ (тек қана 10-нан астам әйел жұмысшылары барлар үшін)] Гендерлік теңдік көшбасшының ұсынымдары негізінде, жергілікті маңызы бар гендерлік мәселелерді шешу бойынша, бірінші кезектегі шаралар мен міндеттер жүзеге асырылады.

ӨЛШЕМШАРТ 1.6 - Өндіруші, жергілікті жағдайларға байланысты тұрақтылық мәселелерін қолға алу мақсатында бірлескен қадамдар жасайды.

1.6.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Өндіруші, басқа мүдделі тараптармен (шаруа немесе Өндіруші бөлімше шекарасынан тыс) жергілікті жердегі маңызды тұрақтылық мәселелері бойынша өзара әрекеттеседі.

ӨЛШЕМШАРТ 1.7 - Өндіруші, шұғыл әрекет етуге байланысты қажеттілікті ескереді және ауа райының өзгеруін жеңілдету және бейімделу шараларын жүзеге асырады.

1.7.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Өндіруші төмендегілерді біледі:

- (i) Жергілікті ауа райының әсерлері және олардың егін шаруашылық қызметіне және Тіршілік көздеріне қалай әсер ететіні жайлы;
- (ii) Ауа райының өзгеруіне бейімделу және оның салдарын азайту бойынша жергілікті тиісті шаралар.

1.7.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жергілікті деңгейде, ауа райының өзгеруіне бейімделу шаралары, іс-әрекетке, мониторингті жоспарлау және іске асыруға біріктірілді.

1.7.3

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жергілікті деңгейде, маңызы бар және қолданылатын ауа райын өзгеруін азайту шаралары, іс-әрекетке, мониторингті жоспарлау және іске асыруға біріктірілді.

Қағида 2: Табиғи ресурстар

ӨЛШЕМШАРТ 2.1 - Шаруалар табиғи ресурстардың құндылығын және оны қалай қорғау керектігін біледі.

2.1.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Шаруалар төмендегілерді жақсы түсінеді:

- (i) Табиғи ресурстардың (топырақ, су және биоәртүрлілік) олардың шаруашылықтары мен қауымдастықтары үшін маңыздылығы жайлы;
- (ii) Олардың әрекеттерінің топырақ саулығына, суға және биоәртүрлілікке қалай әсер етеді және олардың бір-бірімен байланысы жайлы;
- (iii) Олардың шаруашылықтарындағы табиғи ресурстарын қорғау және дамыту бойынша жүзеге асыра алатын іс-шаралар;

ӨЛШЕМШАРТ 2.2 - Топырақтың саулығы, сол топырақтың физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерін сақтайтын және күшейтетін егіншілік тәжірибе арқылы жақсарды.

2.2.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Өнімнің әртүрлілігін барынша жақсартатын жергілікті дейгейдегі тиісті тәжірибелер енгізіледі.

2.2.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Топырақ қабатының құрамын барынша жақсартатын жергілікті егін шаруашылық тәжірибелері қолданылады.

2.2.3

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Топырақтың бұзылуын азайту үшін жергілікті егін шаруашылық тәжірибелері қолданылады.

2.2.4

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Тыңайтқыштарды оңтайлы қолдану, төмендегілерді ескере отырып және төмендегі элементтерді таңдай отырып, пайданы ең жоғарғы деңгейге шығаруға тырысуға және жағымсыз әсерлерді азайтуға бағытталған:

- (i) Қоректік заттардың дұрыс көзі (топырақ пен өсімдік қажеттіліктеріне сәйкес);
- (ii) Дұрыс қатынас;
- (iii) Дұрыс уақытты анықтау;
- (iv) Қолданудың дұрыс өрісі.

2.2.5

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Уақыт өте келе синтетикалық тыңайтқыштарды пайдалануды азайту шаралары қабылдануда.

ӨЛШЕМШАРТ 2.3 - Судың сапасы мен қолжетімділігі, дақылдарды қорғауды жақсартатын және қалдықтарды, эрозияны және тұздылықты азайтатын тәжірибелер арқылы ең жақсы жағдайға әкелініп жатыр.

2.3.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ (тек суармалы шаруашылықтар үшін)] Суару әдістері, технологиялары және мерзімдері суару тиімділігін арттыру және су тиімділігін барынша арттыру үшін жоспарланады және жүзеге асырылады.

2.3.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ (жаңбыр суымен қоректенетін шаруашылықтар үшін)] Жаңбырдың қол жетімділігі мен таралуын өзгертуді тиімді басқару үшін қолданбалы бағдарламалар жүзеге асырылуда.

ӨЛШЕМШАРТ 2.4 - Шаруашылықтағы және оның айналасындағы биоәртүрлілік пен табиғи тіршілік орындары қорғалған және жақсартылған.

2.4.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Су жолдары мен сулы-батпақты жерлерді (мысалы, буферлік аймақтарды қолдану, шөпті су жолдарын пайдалану, тыңайтқыштар мен химикаттарды дұрыс сақтау және пайдалану) қорғау шаралары қарастырылған.

2.4.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Табиғи тіршілік орындары мен биологиялық әртүрлілік қорғалады және уақыт өте келе оларды жақсарту шаралары қабылданады

2.4.3

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Тозған жерлер анықталып, уақыт өте келе қалпына келтіру шаралары қабылданады.

ӨЛШЕМШАРТ 2. Табиғи экожүйелер мен НСВ қорғалуда, сақталуда және нығайтылуда.

2.5.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Шаруашылық емес жерден егін шаруашылық алқаптарына кез келген ұсынылған түрлендіру жағдайында «Better Cotton алқаптарын түрлендіру тәуекелін бағалау» жүргізілуі керек. Тиісті шаралар, P1-дегі әрекет пен бақылау іс-шаралары толығымен іске асыруға біріктірілді.

2.5.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Өндіруші, 2020 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін ешбір табиғи экожүйенің егін шаруашылығына айналмауын қамтамасыз етеді.

Қағида 3: Егінді қорғау

ӨЛШЕМШАРТ 3.1 - Өндіруші, зиянкестермен біріктірілген күресудің, басқарудың жетекшілігімен жүргізудің және қолданудың ажырамас бөлігі болуын қамтамасыз етеді.

3.1.1

[ШШҚ - ОШҚ] 3.1.2-3.1.7 көрсеткіштерін қамтитын және уақыт өте келе Біріктірілген зиянкестермен күресу түсінігі мен тәжірибесін үздіксіз жақсарту жолын қамтитын Біріктірілген зиянкестермен күресу (БЗК) стратегиясы әзірленуде және жүзеге асырылуда. Стратегия, Р1 шеңберіндегі әрекеттер мен мониторинг жоспарларын хабарлайды.

3.1.2

[ШШҚ - ОШҚ] Шаруалар жергілікті зиянкестер туралы және олардың негізгі табиғи жауларын біледі және адамдарға және қоршаған ортаға зиянын барынша азайтатын жергілікті зиянкестер мен ауруларды бақылау әдістерін де сипаттай алады.

3.1.3

[ШШҚ - ОШҚ] Салауатты дақыл өсіруге, зиянкестер мен аурулардың популяциясының жиналуын болдырмауға, пайдалы организмдердің популяциясын сақтауға және жақсартуға көмектесетін әдістер қолданылады.

3.1.4

[ШШҚ - ОШҚ] БЗК жоспарының бір бөлігі ретінде жергілікті жарамдылық пен зиянкестерге төзімділікті ескере отырып, қолайлы тұқым сорттарына артықшылық беріледі.

3.1.5

[ШШҚ - ОШҚ] Өсімдіктердің саулығы мен зиянкестер мен пайдаларының деңгейіне тұрақты мониторинг жүргізіледі; зиянкестермен қашан және қалай күресетінін анықтау үшін учаскені бақылау және шешім қабылдау құралдары пайдаланылады.

3.1.6

[ШШҚ - ОШҚ] Зиянкестермен күресу ретінде биологиялық, физикалық, мәдени және басқа да химиялық емес әдістер басымдыққа ие.

3.1.7

[ШШҚ - ОШҚ] Пестицидтер зиянкестердің белгілі бір шегіне жеткенде ғана қолданылады. Егер пестицидтер қолданылса:

- (i) Төмен уытты белсенді ингредиенттерге артықшылық беріледі;
- (ii) Олар, қарсылықты төмендететіндей жағдайда қолданылады.

3.1.8

[ШШҚ] Төменде зиянкестермен күресудің интеграцияланған стратегиясын жүзеге асыратын мүмкіндіктер келтірілген:

- (i) Зиянкестер популяциясы мен ауруларының жиналуын болдырмайды және пайдалы организмдерді қорғайды;
- (ii) Дақылдардың саулығының, зиянкестердің, аурулардың және пайдалы организмдердің тұрақты мониторингін қамтиды;

- (iii) Химиялық емес араласуларға басымдық береді;
- (iv) Химиялық заттардың белгіленген шектерге жеткенде ғана қолданылуын қамтамасыз етеді.
- (v) Төмен уытты белсенді ингредиенттерге басымдық береді және химиялық заттар пайдаланылса, төзімділікті басқарады.

ӨЛШЕМШАРТ 3.2 - Пайдаланылған пестицидтер тиісті түрде тіркеледі және таңбаланады.

3.2.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Қолданылатын барлық пестицидтер мақтада қолдануға арналған ұлттық деңгейде тіркелген.

Ескертпе: Ағымдағы Нұсқаулықтар мен Өлшемшарттар сияқты, бұл көрсеткіш пестицидтер қоспаларын немесе «коктейльдерді» пайдалануды болдырмауға бағытталған - бұл болашақ шығарылымдардың мәтінінде нақтыланады.

3.2.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Қолданылатын барлық пестицидтер кем дегенде бір ресми немесе іс жүзіндегі ұлттық ресми немесе қолданыстағы аймақтық ресми тілде дұрыс таңбаланған.

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Өндіруші пайдаланатын барлық табиғи заттардың есебі сақталады және жыл сайын кемінде бір рет жаңартылады.

ӨЛШЕМШАРТ 3.3 - Өндіруші, өте қауіпті пестицидтерді қолдануды барынша азайтуды міндеттенеді.

3.3.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Пестицидтер келесі халықаралық құжаттардың немесе ережелердің кез келгеніне кірсе, қолданылмайды:

- (i) Стокгольм конвенциясының А және В қосымшалары;
- (ii) Монреаль хаттамасына қосымшалары;
- (iii) Роттердам конвенциясының III қосымшасы;
- (iv) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) Химиялық заттарды жіктеудің және таңбалаудың жаһандық үйлестірілген жүйесінің (GHS) Ia классификациясының 1 санатына енгізілген.

3.3.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Тыйым салынған пестицидтердің (3.3.1-ге сәйкес) әлі жарамды баламалары болмаған жағдайда, Better Cotton тарапынан, жергілікті ерекше пайдалану процесімен, уақытқа байланысты ерекше пайдалану процесіне рұқсат етілуі мүмкін. Егер пестицидтер, ерекше пайдалану процесімен мақұлданғаннан кейін қолданылса, осы тақырыпқа қатысты көрсетілген шарттарды қатаң сақтау және осыған байланысты есеп беру қажет.

3.3.3

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Өндіруші, 2024 жылға қарай, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) классификациясының Ib болған, Химиялық заттарды жіктеудің және таңбалаудың жаһандық үйлестірілген жүйесінің (GHS) 2-ші санатындағы пестицидтерді кезең-кезеңімен алып тастайды.

Ескерту: Бұл пестицидтердің, қайта қаралған Қағидалар мен өлшемшарттар 2024-2025 маусымында күшіне енгеге дейін қолданылуына тыйым салынады.

3.3.4

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] 2028 жылға қарай, Химиялық заттарды жіктеудің және таңбалаудың жаһандық үйлестірілген жүйесінің (GHS) Ia және Ib санаттарына сәйкес канцерогендік, мутагендік немесе репротоксикалық (CMR) заттар ретінде анықталған пестицидтерді кезең-кезеңімен қолданудан шығару үшін жоспар жүзеге асырылды.

ӨЛШЕМШАРТ 3.4 - Аса қауіпті пестицидтердің қоршаған ортаға қауіп-қатерлері бағалануда және азайтылуда.

3.4.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] 3.3.1-3.3.3 тармақтарында қарастырылмаған, қоршаған ортаға қауіп төндіретін жиі қолданылатын пестицидтер үшін, Better Cotton Нұсқаулық құжатына сәйкес, тәуекелді азайту тәсілі қолданылады.

ӨЛШЕМШАРТ 3.5 - Пестицидтер қауіпсіз жолдармен қолданылады және сақталады.

3.5.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Пестицидтерді дайындайтын және қолданатын кез келген тұлға келесі сипаттамаларға ие болуын қамтамасыз ету керек:

- (i) Дені сау болуы;
- (ii) Пестицидтерді қолдануда білікті және оқытылған болуы;
- (iii) 18 жастан жоғары болуы;
- (iv) Жүкті немесе бала емізетін ана болмауы керек.

3.5.2

[ОШҚ - ІШҚ] Пестицидтерді тиісті жеке қорғаныс құралдарын дұрыс пайдаланатын адамдар дайындайды және қолданады.

3.5.3

[ШШҚ] Пестицидтерді дайындау және қолдану кезінде дененің келесі бөліктерін тері арқылы сіңіру, жұту және деммен жұту арқылы қорғауды қамтитын Минималды жеке қорғаныс жабдығы қолданылады:

- (i) Бет және тыныс алу жолдары: көз, құлақ арнасы, мұрын, бас терісі;
- (ii) Аяқтар: қолдар, білектер, алақандар, сандар, балтырлар;
- (iii) Іш және жыныс мүшелері.

3.5.4

[ШШҚ] Тиісті жеке қорғаныс жабдығын қолданатын фермерлердің санын арттыру бойынша шаралар қабылданды.

3.5.5

[ОШҚ - ІШҚ] Шаруа қожалығында пестицидтерді сақтауға, араластыруға және өңдеуге, сондай-ақ пестицидтерге арналған контейнерлер мен қолдану жабдықтарын тазалауға арналған арнайы алаңдар болуы керек. Учаскелер пестицидтерді сақтау бойынша тиісті заңнамаға толық сәйкес келуі керек. Бұл аймақтарда ластану қаупі болмас үшін барлық шаюлар мен ағындар қауіп төндірмейтіндей толығымен ұсталуы керек.

3.5.6

[ІШҚ] Өндірушілер;

- (i) Пестицидтерге арналған контейнерлерді контейнер түріне, өлшеміне және белсенді ингредиенттеріне сәйкес дұрыс тастау керек;
- (ii) Қайта өңдеу бағдарламаларына қатысу және/немесе тиісті мүмкіндіктер бар болған сатушыға оны қайтаруы тиіс.

3.5.7

[ШШҚ] Шаруалар, бүрку техникасының сәйкес және қауіпсіз әдістерін біледі және қолданады.

3.5.8

[ОШҚ - ВÖ] Пестицидтерді қолдану тәсілдері, төменде көрсетілген әрекеттерді қамтамасыз ету арқылы жағымсыз әсерлерді азайтады:

- (i) Жапсырма талаптары орындалады;
- (ii) Сәйкес қолданбалы жабдық дұрыс пайдаланылған және калибрленген;
- (iii) Тиісті ауа райы жағдайлары ескеріледі;
- (iv) Ластану (мысалы, спрей секілді бүрку арқылы) барынша азайтылады.

3.5.9

[ОШҚ - ІШҚ] Пестицидтерді қолданғаннан кейін шектеулі кіру аралықтары анықталады және қолданылады.

Қағида 4: Тыңайтқыштардың сапасы

ӨЛШЕМШАРТ 4.1 - Егіншілік тәжірибелері (егістікке дейін, одан кейін және егістік кезінде) тыңайтқыш сапасының сақталуын және күшейтілуін қамтамасыз етеді.

4.1.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жоғары сапалы тыңайтқыштарды өндіру ықтималдығын арттыру үшін тұқым таңдау (мүмкін болса), себу мерзімі, себу жылдамдығы, қатар аралығы, дақылдардың өсуі және арамшөптерден арылу әдісі бойынша жергілікті тиісті жақсы тәжірибелер қолданылады.

4.1.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Ластанудың алдын алу үшін жергілікті жердің тиісті жинау, сақтау және тасымалдау тәжірибесі қолданылады.

4.1.3

[ШШҚ] Полипропилен, полиэтилен немесе басқа синтетикалық қаптар пайдаланылған жағдайда балама нұсқалар ынталандырылады және уақыт өте келе синтетикалық материалдарды фазалық өңдеуге қадамдар жасалады.

Қағида 5: Лайықты жұмыспен қамтамасыз ету

ӨЛШЕМШАРТ 5.1 - Өндірушіде, жұмысшылардың құқықтарын бұзу қаупі мен оқиғаларын анықтау және жоюдың тиімді жүйесі бар.

5.1.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ (тек қана 15-тен астам жұмысшысы бар ІШҚ үшін)]
Жұмысшылардың құқықтарын бұзу қауіп-қатерлер мен оқиғаларын (оның ішінде міндетті жұмысқа салу және балалар еңбегі, кемсітушілік, жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық және қудалау, денсаулық пен қауіпсіздік мәселелерін) жүйелі түрде бақылайтын жүйе қолданылады.

Мониторинг жүйесіне жауапты тұлға(лар) нақты анықталған..

5.1.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ (тек қана 15-тен астам жұмысшысы бар ІШҚ үшін)] Қауіп-қатерлер мен оқиғалар анықталған жағдайда, сол қауіп-қатерлер мен оқиғаларды жою және олардың қайталануын болдырмау үшін шұғыл шаралар қабылданады.

5.1.3

[ОШҚ - ІШҚ] Егер жұмысшылар қосалқы мердігерлердің жұмысшылары болса, шаруалар 5.2 – 5.10 өлшемшарт бойынша талаптарды қосалқы мердігерлерге жеткізуге және олардың жұмысшыларының осы талаптарға сай болуын қамтамасыз етуге жауапкершілік алады.

ӨЛШЕМШАРТ 5.2 - Шаруалар мен жұмысшылар өз еңбектеріне қатысты құқықтарын біледі.

5.2.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Ерлер мен әйел шаруалар мен жұмысшылар, еңбектегі негізгі қағидалар мен құқықтарын біледі. Олардың арасында бірлестіктер мен ұжымдық келіссөздер еркіндігі, қауіпсіз және салауатты жұмыс орнында жұмыс жасау құқықтары беріледі, жұмыс орнында міндетті жұмысқа салу және балалар еңбегі, кемсітушілік, жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық және қудалау, денсаулық пен қауіпсіздік мәселелерінде қорғау кіреді.

ӨЛШЕМШАРТ 5.3 - Балалар мен жас жұмысшылардың құқықтары қорғалады.

5.3.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жасы 18-ге толмаған адам қауіпті жұмысқа, яғни өзінің сипаты немесе орындалу жағдайлары бойынша 18 жасқа толмаған адамдардың денсаулығына, қауіпсіздігіне немесе адамгершілігіне нұқсан келтіретін ешбір жұмысты атқара алмайды.

5.3.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жас жұмысшылар (ең төменгі еңбек жасы мен 18 жас аралығындағылар) тиісті оқыту мен бақылаудан өтеді және жасына сәйкес, қауіпті емес жұмыстарды орындайды.

5.3.3

[ОШҚ - ІШҚ] Жұмысшылардың жасы 15 жасқа толмаған (белгілі елдерде 14 жас) немесе жергілікті заңмен анықталған ең төменгі жұмысқа орналасу жасынан төмен жұмысшылардың жоқтығына көз жеткізу үшін тексеріледі.

5.3.4

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Кемінде 13 жасқа толған балалар (белгілі бір елдерде 12 жас) келесі шарттармен жеңіл жұмыстарды орындай алады:

- (i) Жұмыс қауіпті емес және олардың денсаулығына немесе дамуына зиян келтірмейтін болса;
- (ii) Жұмыс олардың мектепке қатысуына әсер етпейді және сабақтан кейін немесе демалыс кезінде (аптасына ең көбі 14 сағат) ақылға қонымды уақыт шегінде орындалса;
- (iii) Жұмыс баланың жасына және физикалық жағдайына сәйкес келеді және баланың әлеуметтік, моральдық немесе физикалық дамуына қауіп төндірмейтін болса.

ӨЛШЕМШАРТ 5.4 - Қарызға байланысты, міндетті немесе мәжбүрлі еңбек, оның ішінде шартты еңбек немесе адам саудасы аясындағы жұмысқа орналастыру қолданылмайды.

5.4.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жұмысшылар, жұмысқа кіріскенге дейін еңбек шарттары мен ережелерін түсінеді және еркін түрде қабылдайды (ауызша немесе жазбаша келісімдер арқылы); жұмысшылар, еңбек жағдайындағы немесе табиғаттың өзгерістерді қабылдайды.

5.4.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жұмыс беруші немесе басқа үшінші тарап, жұмысқа жалдау жарналары немесе соған байланысты шығындарды жұмысшылардан тікелей немесе жанама (мысалы, жалақы мен жәрдемақыдан ұстап қалу арқылы) ала алмайды.

5.4.3

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жұмысшылар, жалдау мен жұмысқа қабылдаудан бастап, бүкіл жұмыс циклі бойына, зорлық-зомбылық пен қудалау болмайтын жұмыс орнында жұмыс ітеуге құқығы бар.

5.4.4

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жұмысшылар, жұмысқа қабылданғаннан бастап жұмыс тоқтағанға дейінгі барлық жұмыс циклінің кез келген кезеңінде, қорқытулар немесе айыппұлдармен (мысалы, жалақыны немесе құжаттарды ұстап қалудан) бетпе-бет келмейді.

5.4.5

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жұмысшылардың, үшінші тарапқа немесе жұмыс берушіге қарыз талаптарын орындау шарты, жұмысқа байланысты болмайды.

ӨЛШЕМШАРТ 5.5 - Жұмысшылар ұйымдасқан және ұжымдық келіссөздер жүргізуге құқылы.

5.5.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Барлық жұмысшылар, жұмысшылар ұйымын құру немесе оған кіру және жұмысқа орналасу шарттары мен талаптарын ұжымдық түрде келіссөздер жүргізу құқығы туралы (жұмыс берушінің араласуынсыз немесе қоқан-лоққысыз) хабардар етіледі.

ӨЛШЕМШАРТ 5.6 - Жұмысшыларды жұмысқа қабылдауда немесе жұмысшыларға қарауда ешқандай бөлектеу жоқ.

5.6.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жұмыс тәжірибесінде ешқандай кемсітушілік жоқ, соның ішінде жалақы, міндет, қатынас немесе жеңілдіктерге қол жеткізу.

ӨЛШЕМШАРТ 5.7 - Жұмысшыларға ең төменгі жалақыдан кем емес жалақы төленеді.

5.7.1

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жұмысшыларға ең төменгі жалақы немесе одан жоғары жалақы төленеді (заңмен бекітілген ұлттық немесе аймақтық ең төменгі жалақы немесе ауыл шаруашылығына қолданылатын ұжымдық келісілген жалақыны білдіреді).

5.7.2

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жұмысшыларға кем дегенде қолданыстағы ұлттық ең төменгі жалақыны немесе аймақтық норманы (қайсысы жоғары болса) алуға жеткілікті үлестік жұмыс немесе жалақы қалыпты жұмыс уақытында және қалыпты жұмыс жағдайында беріледі.

ӨЛШЕМШАРТ 5.8 - Жұмысшылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі қорғалады.

5.8.1

[ОШҚ - ІШҚ] Ерлер мен әйелдер қажет болған жағдайда жұмыс орнына жақын жерде дәретхана мен қол жуу орындарына қол жеткізе алады. Дәретхана құрылғылары қауіпсіздік пен құпиялылықты қамтамасыз етеді.

5.8.2

[ШШҚ] Жыл сайын жұмысшылардың дәретханалар мен қол жуу орындарына қолжетімділігін жақсарту бойынша шаралар жүзеге асырылады.

- (i) Объектілер, жұмыс орнынан ақылға қонымды қашықтықта және қажет болған жағдайда барлық жұмысшылар үшін қолжетімді болуы керек;
- (ii) Дәретханалар қауіпсіздік пен құпиялылықты қамтамасыз етуі керек.

Өндіруші бөлімше, кем дегенде жыл сайын ӨБ шаруашылықтарындағы дәретханалар мен қол жуу орындарына қолжетімділікті бақылауы керек.

5.8.3

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жұмысшылар, көлеңкеге және ауыз суға кедергісіз қол жеткізе алады, тұрақты және міндетті демалу үзілістері бар, ыстық күн күйзелісінің алдын алуы және жұмысшылардың жылу күйзелісінің кез келген белгілерін жедел жою шаралары қабылданды.

5.8.4

[ШШҚ - ОШҚ - ІШҚ] Жұмысқа және міндеттерге байланысты денсаулық пен қауіпсіздікке қатысты ықтимал қауіптер анықталып, қарсы шаралар қабылданады.

5.8.5

[ОШҚ - ІШҚ] Жұмысшылар, шаруалар және жұмысшыларды қадағалайтын барлық адамдар өздерінің рөліне байланысты денсаулық пен қауіпсіздіктің негізгі қауіптері және осы қауіптерді өздері және/немесе жұмыс күні бойы жауапты адамдар үшін қалай азайтуға болатыны туралы білім мен ақпарат алады.

ӨЛШЕМШАРТ 5.9 - Жұмысшылар өз мәселелерін қорқусыз айта алады және еңбек тәртібін бұзу құрбандары қажетті қорғау құралдарына қол жеткізе алады.

5.9.1

[ОШҚ - ІШҚ] Жұмысшылар, жұмысшы құқықтарының бұзылуы, соның ішінде міндетті жұмысқа салу және балалар еңбегі, кемсітушілік, жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық және қудалау, денсаулық пен қауіпсіздік мәселелері, стандартқа сай емес еңбек жағдайлары немесе жалдамалы жалдау тәжірибесі туралы алаңдаушылық білдіретін қауіпсіз арналарға ие болды және оларға жүгінді. Бұл механизмдер төмендегілерді орындауы қажет:

- (i) Қолданыстағы, сенімді шағымдарды қарау механизмдерін немесе бар болған басқа жүйелерді пайдалану;
- (ii) Ол барлық қызметкерлерге қолжетімді болуы керек.

5.9.2

[ОШҚ - ІШҚ] Егер жәбірленуші, жұмысшылардың құқықтары бұзылған жағдайда, соның ішінде міндетті жұмысқа салу және балалар еңбегі, кемсітушілік, жұмыс орнындағы зорлық-зомбылық және қудалау, стандартқа сай емес еңбек жағдайлары немесе жалдамалы жалдау тәжірибесі сияқты жағдайлар ортаға шаққан кезде, жәбірленушілер қорғауға және жақсартуға қол жеткізе алады. Процесс барысында жәбірленушілердің құпиялылығы мен қауіпсіздігі қорғалады.

5.9.3

[ІШҚ] Жұмысшылар, қауіпсіз шағым желісіне немесе шағымдарды қараудың басқа механизміне қол жеткізе алады; жұмысшылардың құқықтарының бұзылуының құрбаны болған кез келген адам қолдау мен шешімдерге қол жеткізе алады.

ӨЛШЕМШАРТ 5.10 - Жұмысшылардың нақты келісім-шарттар жасалатынына үміттері бар.

5.10.1

[ОШҚ - ІШҚ] Жұмысшы мен жұмыс беруші қол қойған жазбаша келісім-шарттар (тұрақты, маусымдық немесе уақытша) барлық қызметкерлер үшін әрекет етеді. Жұмысшылар келісім-шарттың көшірмесін қол қойғаннан кейін алады.

Қағида 6: Тіршілік көздері

ӨЛШЕМШАРТ 6.1 - Шаруалардың негізгі күнкөріс мәселелері мен оларды шешу мүмкіндіктері анықталып, жүзеге асырылуда.

6.1.1

[ОШҚ - ІШҚ] Өндіруші бөлімшенің басшысы және егін алқабы басшысымен негізгі өмір сүру мәселелерін бағалау және жақсарту мүмкіндіктерін анықтау үшін егін шаруашылықтарымен (оның ішінде барлық отбасы мүшелерімен) және қоғамдастық деңгейіндегі басқа мүдделі тараптармен кеңесіп, диалог жүргізеді.

6.1.2

[ОШҚ - ІШҚ] 6.1.1 негізінде, уақыт өте келе тіршілік көздеріне арналған мақсатты бағыттар бойынша жақсартуларды қамтамасыз ететін нақты әрекеттер немесе араласулар жүзеге асырылады.

ӨЛШЕМШАРТ 6.2 - Ұйымдастыру және бірлескен іс-әрекет арқылы әлеуметтік және экономикалық пайданы көбейту.

6.2.1

[ІШҚ] Қажеттіліктер мен сұраныстар бар сондай-ақ жергілікті мүмкіндіктердің болған жерінде өндіруші, шаруалардың әлеуметтік және/немесе экономикалық тиімділіктерін арттыру үшін топтар ретінде ұйымдасуларына қолдау көрсетеді. Олар мыналарды қамтуы мүмкін:

- (i) Бастапқы ресурстарға және нарықтарға жақсырақ қол жеткізу;
- (ii) Ақпаратқа қолжетімділікті жақсарту;
- (iii) Жақсартылған белсенділік пен ұжымдық дауыс.